

## Астана қаласы Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы ШЖҚ МКК

### 2024-2025 оқу жылындағы сыныптарда лессон стади топтарының жүргізген жұмыс жүйесі бойынша анықтама

Қазіргі кезеңде білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту – заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Осыған орай *Lesson Study* білім саласындағы мұғалімдердің тәжірибесін жетілдіруге бағытталған, ынтымақтастықпен жұмыс жасауға негізделген педагогикалық тәсіл болып табылады.

Мақсаты: оқушының білім алу деңгейін зерттеу арқылы оқыту үдерісіндегі мұғалімдер тәжірибесін жақсарту және жетілдіруге бағытталған. Дәстүрлі оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарған болса, қазір оқушының өзін-өзі реттеу арқылы белсенділік көрсететін кезеңі. Сабақ мұғалімнің емес, оқушының іс-әрекетімен бағалануы керек. Егер біз оқытуды жақсартқымыз келсе, мұғалімдер қауымы бірлесіп жұмыс жасау, бірлесіп жоспар құру, сол негізде бақылау, зерттеу жүргізудің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз. Қазіргі таңда *Нені оқыту емес, қалай оқыту?* маңыздырақ болып отыр. Сабақ барысында оқушының білім алуы, қажетті төрт дағдыны (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) қалыптастыруын, алған білімін өмірде пайдалана алатын, өзіндік мінез бен қажетті қағидаттарды игеруіне басты назар аударылып отыр. Осы негізге бағытталған Lesson Study әдісіндегі ұтымды әрекет ол- әріптестермен бірігіп, сабақ жоспарын құру, сабақтың жоспарын талқылау, зерттеу сабақтарын өткізу болып табылады.

Маңызды мақсатты басшылыққа ала отырып, биылғы оқу жылында мектебімізде бірнеше Lesson Study зерттеу топтарын құрылды. Зерттеу топтары зерттеу тәсілін арнайы курстардан өткен мұғалімдер, педагог-зерттеушілер, пән мұғалімдері, психолог, сынып жетекшіден құралды.

Кезең	Сынып	Жауапты мұғалімдер	Жауапты орынбасарлар
I кезең- қараша желтоқсан	3ж	Балтабаева Д.А., Дүйсебекова Г, Жақупбаева Г.У.	Искакова М.Т
II кезең-қаңтар ақпан	3з	Саметова АА., Бердалина А.К., Құдайбергенова К.	Искакова М.Т.
III кезең-наурыз сәуір	4ж	Аубакирова А.М., Ибраева Ж.Ж., Бокешова Б.	Кошметова А.Т.
Қорытынды Мамыр пед.кеңес	5г	Аужанова А.Х., Узбен А, Ергешбаева З.Х, Сансызбаева А.Б.	Ченыбаева З.С.
	7е	Саурикова Г.Ж, Мажирова К.К, Сапарбаева Ж.Н., Қалмұрзаев Д.Н.	Ченыбаева З.С.
	6ж	Курманалиева Д.К, Мусина Б.Ж, Куанбаев С.Д, Атыгаева Д.Қ.	Шалабаева А.А.

	7д	Кудерина Ш.А, Ахметбекова Д.Ж, Бағдаулетқызы М, Кашаева А.А.	Шалабаева А.А.
	8г	Прниязова Р.Ж, Дүйсенбекова С.Ш, Ром А, Самарханова Г.Д., Қожантаева А.Ғ.	Бердакова Л.К.
	9ж	Усабаева А.А., Еркінбаева Г.Н, Карбозова Л, Абрарова А.Ю., Утегенова Г.М.	Бердакова Л.К.

Алғашқы кезеңде зерттеу топтары сынып проблемасын анықтау мақсатында оқушылардан сауалнама алды. Нәтижесінде пән мұғалімдері сынып жетекшілермен бірлесе отырып, сыныптардың проблемасын анықтады. Сыныптар проблемасы анықталғаннан кейін зерттеу сабақтарын ұйымдастыру 3 кезеңге қойылды. I кезең қараша-желтоқсан, II кезең қаңтар-ақпан, III кезең наурыз-сәуір, қорытынды кезең мамыр айына жоспарланды. Қазан айында барлық Lesson Study топтары алғашқы отырыстарын өткізді. Отырыста сабақты жоспарлау үшін зерттеу топтарындағы мұғалімдер өзара бас қосып, *Зерттеуді неден бастау керек? Мақсатқа жету үшін қандай әдіс-тәсілдер қолданған дұрыс? Бағалау жүйесін қалай жүзеге асырған тиімді?* деген сауалдар төңірегінде сұхбаттасып, кеңесті. Бақылау парағы әзірленді. Зерттеуші топтар аптасына бір рет жиналып, А, В, С деңгейіндегі оқушының сабақтағы іс-әрекетінің зерттеу барысын талқылады, оның қажеттілігін анықтауға болатын тиімді әдіс-тәсілдерді саралады. Алдыңғы жасалған сабақ жоспарлары мен келесі кезекте өткізілетін сабақ жоспарлары салыстырыла отырып жоспарланды және үздіксіз талқыланып отырды. Сынып проблемасына бағыттталып құрылған сабақ жоспарлары оқушылардың қызығушылықтары мен ынтасын арттыру мақсатында жеңілден күрделіге қарай құрылды. Топ мүшелерінің әрқайсысы зерттеу кезінде қандай оқушыларды бақылайтыны анықталды. Сонымен қатар оқушы іс-әрекеттерін зерттеу арқылы қажетті нәрселерді түртіп алып, әрбір кеңесте талқылап, ортаға салып отырды.

Бірлесе құрылған жоспардың негізінде сабақтар өтіліп, топтағы мұғалімдер бақылау парағын жүргізді. Сабақтан кейін бақылаушылар оқушылардан сұхбат, сауалнама алып отырды. *Саған сабақта не ұнады? Сен нені үйрендің? Бұрын істей алмағандарыңнан қазір нені істей алатын болдың? Нені жақсырақ істей аласың? Қанишалықты жақсы істей аласың?* т.б. сұрақтар төңірегінде оқушылармен сұхбат жүргізілді. Жоспарланған сабақты өткізу барысында ненің сәтті шыққанын, алдағы сабақты жоспарлауда нені басты назарда ұстау қажеттігі айқындалды. Әр зерттеуші сабақтың өтілу барысында проблема туындаған сәттерді түртіп алып, келесі жоспарлауда сол тұстарға ерекше көңіл бөлу мәселесін ескеріп отырды. Бірінші кезең аяқталғаннан кейін зерттеу топ мүшелері өзара бас қосып, сабақтарды жоспарлау мен өткізуде ұтымды жақтары мен кемшілік тұстарын талқылады, келесі кезеңде қандай жағдаяттарды ескеру қажеттігін және нені жақсарту керектігін айқындады.

Жалпы алғанда, Lesson Study тәсілі – мұғалім үшін де, оқушы үшін де тиімді тәсіл, себебі ол оқыту процесінде балалардың білім деңгейін анағұрлым анық көруге, әр оқушының әртүрлі қырларын егжей-тегжейлі бақылауға, зерттеуге, сонымен қатар оқыту барысындағы әдіс-тәсілдерді жетілдіруге, жақсартуға мүмкіндік береді. Жыл соңында әдістемелік кеңесте зерттеу топтарымен жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша есеп беріліп, келесі оқу жылында білім сапасымен қатар Lesson Study тәсілін тәрбие бағытында да қолдану жолдары ұсынылды.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылындағы зерттеу топтары сыныптарда өз жұмысын жалғастырады. Және оқу жылының соңында жылдық сапа бойынша төмен сапа көрсеткен сыныптар лессон стади зерттеу топтарына қосылып, сыныптарда (4ж,4з,5ж,6е,6г,6д,7ж,8д,8е,9ә,9г,9е,9ж) зерттеу жұмыстары жалғастырылады.



Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Бердакова Л.К.